

**«Астана» халықаралық
қаржы орталығы**

2023 жылғы «20» қаңтар
№ 198
Астана қаласы

**Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі**

2023 жылғы «08» ақпан
№147
Астана қаласы



**Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігі**

2023 жылғы «31» қаңтар
№ 37
Астана қаласы

**«Астана» халықаралық қаржы орталығының қор биржасында бағалы
қағаздардың сауда-саттығын жүзеге асыру өлшемшарттарын
айқындау туралы**

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 6-бабы 7-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Дивидендтерді есептеу күнінде «Астана» халықаралық қаржы орталығының қор биржасының ресми тізімінде тұрған бағалы қағаздар бойынша дивидендтер түріндегі кірістерге жеке және корпоративтік табыс салығын төлеуден босату мақсатында, осындай бағалы қағаздармен сауда-саттықты жүзеге асырудың мынадай өлшемшарттары айқындалсын:

1) бағалы қағаздармен мәмілелер көлемі күнтізбелік бір айда кемінде 25 (жиырма бес) миллион теңгені құрайды;

2) бағалы қағаздармен мәмілелер саны күнтізбелік бір айда кемінде 50 (елу) мәмілені құрайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің мақсаттары үшін бағалы қағаздармен орындалған мәмілелер есепке алынады.

2. Осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген өлшемшарттарды есептеу үшін Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін биржаларда бағалы қағаздармен сауда-саттықтың жиынтық көрсеткіштері қолданылады.

3. «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасы тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей, өзінің интернет-ресурстарында осы бірлескен бұйрықтың 1-тармағында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін бағалы қағаздар туралы ақпаратты орналастырып тұрсын.

4. Осы бірлескен бұйрық оған тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

**«Астана» халықаралық
қаржы орталығының
Басқарушысы
2023 жылғы «__» _____**

_____ **Р. Бектұров**

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Қаржы министрі
2023 жылғы «__» _____**

_____ **Е. Жамаубаев**

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика
министрі
2023 жылғы «__» _____**

_____ **Ә. Қуантыров**